

« Абай атындағы орта мектебі» КММ

« Айналайын» шағын орталығы

**Тақырыбы: «Менің балам қандай?»
тренингі.**

Топтың аты:Ата-аналар

2021-2022 оқу жылы

Тақырыбы: «Менің балам қандай?» Ата-аналармен жүргізілген тренинг

Мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, жағымды қарым-қатынас орнату.

Керекті құралдар: түрлі түсті қағаз, қаламсап, желім, қиылған колдардың суретін жабыстыратын ватман, күннің суреті салынған ватман, маркерлер.

Ұйымдастыру кезеңі.

Ата-аналармен сәлемдесіп, тренинг тақырыбымен таныстырамыз.

— Біздің бүгінгі сіздермен өткелі отырған тренингіміздің тақырыбы: «Менің балам қандай?»

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-жанұясы. Жанұялық тәрбие ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынастық жүйе. Олай болса, ата-ана осы жүйені ғылым мен өмір ретінде жан-жақты меңгеру қажет. Ұлы данамыз Әл-Фараби ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы дегені бәрімізге мәлім. Адамға тәрбиені ата-ана, мектеп, қоғам береді. Бала тәрбиесіндегі басты тұлға, алғашқы ұстаз – ата-ана. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-анада қиын да, қырсыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол-бала тәрбиесі. Бала үшін үй ішінде ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Ия, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» демекші, ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойында барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, білім алуына жағдай жасау ата-атаның парызы.

II. «Қызықты сұрақтар» ойыны.

1. Балаңыздың туған күні?
2. Топ тәрбиешісінің толық аты-жөні?
3. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
4. Балаңыз қандай өлшемде аяқ киім киеді?
5. Балаңыздың досы кім?
6. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
7. Балаңыздың бірінші тісі қанша айында шықты?
8. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
9. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен, қандай сөз аузыңызға түседі?

III. Қимыл қозғалыс арқылы жауап беру

«иә» десеніздер – қолдарыңызды шапалақтаңыз.

«жок» десеніздер – аяқтарыңызды тарсылдатыңыздар.

1. Журнал бетіндегі мақалалардан, теледидардағы бағдарламадан тәрбиеге байланысты сұрақтарды тыңдап, қарап жүресіз бе?
2. Балаға тәрбие беру кезінде үйде ата-ана (жанұя) бірдей ықпал жасай ма?
— егер «жанұя» десеніздер- жымыңыздар.

— егер «қоршаған орта, қоғам» десеңіздер қолымызды алдыға созамыз.

3. Бала тәрбиелеу жауапкершілігі кімде деп ойлайсыз?

— егер «әке» десеңіздер – қолды шапалақтаңыз,

— егер «шеше» десеңіздер – қолды бұлғаймыз.

— егер «екеуі» десеңіздер – орнымыздан тұрамыз.

IV. «Менің балам қандай?» ойыны

Ойынның мақсаты: ата-ана баласын қалай жақсы көретінін көрсету.

Әр қатысушы қолының саусақтарын айналдыра сызып, әр саусаққа баласының атындағы әріптерін жазу керек. Ары қарай ата-ана әр саусақта жазылған әріптерден басталатын баласының қасиеттерін айтуы керек.

Саусақтың ортасына баланы жанұяда кімге теңейтінін салса болады.

Саусақтар ватманға жабыстырылады.

V. «Балама қандай жылулық беремін?» ойыны

Күннің суреті салынған ватман. Сіз жылуыңызды беріп жатқан күнсіз. Сізден тарап жатқан шуақтарды қалай деп атайсыз. Ата-аналар шығып балаларына

күн сияқты қандай жылулық беріп жатқандарын жазулары керек. Мысалы:

«Мен баламды мейірімді, жылы сөздер айтып оятамын», «Мен балама күніне бірнеше рет жылы сөздер айтып аймалаймын», «Мен мейірімдімін» т.с.с.

Енді шуақты күнімізге қарайықшы. Ол да аспандағы күн сияқты өзінің жылуын, мейірімін уақыт таңдамай, орын таңдамай сыйлап жатыр. Біз де, ата-аналар, өзіміздің балаларымызды ешқандай талап қоймай жақсы көруіміз керек.

VI. Аңыз «Мінсіз емес»

Ертеде бір су тасушының екі үлкен қыш құмырасы болыпты. Құмыраның біреуі жарық болыпты, сол жарықтан бұлақтан ауылға жеткенше жарты суы ағып кетеді екен. Ал екінші құмыра мінсіз болыпты. Екі жыл бойы су тасушы ауылдастарына бір жарым құмырадан су тасыпты. Әрине, мінсіз құмыра өзінің жетістігін мақтаныш ететін. Ал жарық құмыра болса, өзінің жарты ісіне ұялып, байғұс болып жүретін. Бір күні құмыра су тасушыға былай дейді:

«Мен өзімнің тірлігіме ұяламын және сенен кешірім сұраймын.

Не үшін ұяласың?

Менің бүйірімдегі жарығымнан су ағып тұрады. Сен өз жұмысыңды орындап жүрдің, бірақ менің кесірімнен жұмысыңның жарты нәтижесін ғана алдың» – деді құмыра. Сол кезде су тасушы:

Мынау жолдың жиегіндегі гүлдерге қарашы. Сен олардың арғы бетте емес, сен жақтағы бетте ғана өсіп тұрғанын байқадың ба? Мен сенің кемшілігіңді әрдайым білетінмін.

Күнде бұлақтан шыққаннан сен жолдағы гүлдерді жарық құмырадан аққан суыңмен суаратынсың.

Екі жыл бойы сол гүлдерге қарап мен қуанатынмын. Сенсіз бұл сұлулық болмас еді!

Бұл аңызда қандай мағына жасырылған!

Балалардың бойында әр түрлі, жеке, есте қаларлықтай өздерінің қайталанбас қылықтары бар. Соларды тек сезе біліп, түсінуіміз керек.

«Абай атындағы орта мектебі»КММ

«Айналайын» шағын орталығы

«Бақытыңды балаңнан ізде»

Тренинг

Педагог-психолог:Иманбекова А.Б

2. Балаға маман тарапынан тағылған мін, ескертулерді шын пейілмен түсіну және түсіндіру.
3. Баланы ағза қызметінің қалыптасуымен мүжіят таныстыру.

Бақытынды балаңнан ізде

Мақсаты: Ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір - біріне деген сезімді нығайту, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата - ана тәрбиесі, өнегесі және баланың бас ұстазы ата - ана екенін түсіндіру

Әдісі: пікірлесу, сұрақ - жауап, тренингтер, ситуациялық сұрақтар

Түрі: пікірталас

Барысы: Құрметті ата - аналар «Отан отбасынан басталады» демекші ата - аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата - аналар мен ұстаздар боп атсалыссақ, алар асуымыздың биік болары сөзсіз. Қазіргі қоғамда ата - ана баласынан не күтеді? Баласын қалай тәрбиелейді? Ата - ананың бақыты неде?

Баласы ата - анасын қалай бақытты етпек?

Міне осы тұрғыда сөз қозғалатын «Бақытынды балаңнан ізде» атты дөңгелек үстелімізді бастауға рұқсат етіңіздер!

Мен бүгінгі пікірталасымызды Мұзафар Әлімбаевтың мына өлеңімен бастағанды жөн көріп отырмын.

Қипақтайды кигі етсе анаң, экен,

Қайтсем ғана осыны адам етем,

Басқалардың осындай балалары,

Тап осындай жаңғалақ шала ма екен

Ойым емес, оллаһи, біздікінің...

Енжарлығы елде жоқ алабөтен

Туа сала тұлпардың жалын тартқан;

Қырғиғарға қызығып карап өтем.

Жарық сыйлап маңына жылу сыйлап,

Бұ да бір күн алаудай жана ма екен?

Ел қатарлы елеулі еңбек етсе - ау

Болмаса да топ жарған дара бөтен.

Мүше тістеп мықтылар той жасаса,

Жерге карап мен сорлы қалар ма екем?

.... Үміт пен күдіктің ортасында

Ата - ананың үміті талады екен!

Міне осылайша өз баласының болашағына алаңдап, «Қайтсем де баламды адам етем» деген ата - ананың арманы баласымен бірге жасайды екен.

- Өз балаларымызды қаншалықты білетіндігімізді байқау үшін «Кім жылдам» ойынын ойналық

Ата - аналар дөңгелене тұрады

Мұғалім сұрақ қойып допты береді ата - ана жылдам жауап беріп келесі ата - анаға береді

1. Балаңыздың туған күні қашан?

2. Сынып жетекшісінің аты - жөні кім?

3. Балаңыздың парталас көршісі кім?
4. Балаңыз бірінші сыныпқа қай жылы барды?
5. Балаңыздың сүйікті асы не?
6. Балаңыз спорттың қай түрін жақсы көреді?
7. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
8. Балаңыздың аяқ киім өлшемі қандай?
9. Балаңызды еркелетіп қандай сөз айтасыз?
10. Балаңыз сізді ренжіткенде ең алдымен аузыңызға қандай сөз түседі?

«Әрбір баланың мінез құлқы ата - анасының жағымды іс - әрекетінің үлгі алуы барысында қалыптасады.» деп Павлов айтпақшы баланың мінез - құлқы өскен ортасына, көрген тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Ата - ана бала үшін ең бірінші үлгі тұтар адамы, өзін көретін айнасы. Сондықтан, ата - аналар, мен сіздерге мынадай сұрақтар қойғым келіп отыр.

1. Бала тәрбиесіне қатысты қазаққа тән қандай қасиеттерді дұрыс деп санайсыз?
2. Бала үшін ата - ананың қайсысының беделі күшті деп ұғасыз?
3. Бала тәрбиесі үшін отбасы жауапкершілігі басым ба, әлде мектептің жауапкершілігі басым ба?
4. Баланың атасы мен әжесінің тәрбиесінде, атасы мен әжесінің баласы болуына қалай қарайсыздар?
5. Баланы еркін тәрбиелеген дұрыс па, қатаң тәрбиелеген дұрыс па?
6. «Баланың өскенде жақсы, өнегелі адам болып шығуына отбасынан алған тәрбиенің ықпалы зор» дегенге өз пікіріңіз, көзқарасыңыз қандай?

- Ситуациялық жағдаяттар көрінісін көрсету

- 1 - жағдаят Өзінен кішілерге әлімжеттік көрсетіп ақша тартып алу
- 2 - жағдаят Бала міндетіне салғырт қарау
- 3 - жағдаят Балаларға қымбат зат алып беру

Ата - аналардың пікірі тыңдалады

Осы жерде мен ата - аналарға мынадай кеңестер айтқым келіп отыр.

Егер балам қатыгез, қайырымсыз, өзімшіл болып өспесін десеңіз, бала тәрбиесінде мына қателіктерге жол бермеңіз

- 1 - қателік «Егер сен мен қалағандай болмасаң мен сені жақсы көрмеймін»
- 2 - қателік «Не істесең оны істе маған бәрібір»
- 3 - қателік: Аса қаталдық «Мен не айтсам соны орындауың керек, өйткені мен үйдің басшысымын»
- 4 - қателік Балаларды тым еркелету
- 5 - қателік «Саған көңіл бөлуге уақытым жоқ»
- 6 - қателік Балаңызды тым көп ақшамен қамтамасыз ету
- 7 - қателік Баланың ісіне көңіл - күйіңізге қарап баға беру, яғни көңіл - күйіңіз нашар болса оның қуанышына ортақтаспау, әңгімесіне құлақ аспау

Міне құрметті ата - аналар, бала тәрбиесінде осы қателіктерге жол бермесеніз ғана балаңыздың саналы азамат болып өсіп, сізді бақытқа кенелтері сөзсіз.

«Ата - ананың ақылы – қазулы қара жолмен тең» деп Дулат Бабатайұлы айтпақшы ата - ана баласының түйсігіне қандай із салса бала сол жолмен жүре беретіні белгілі.

Енді «Жұмбақ кейіпкердің» әңгімесін тыңдасак

1. Ата - аналар, бұл жағдайға не айтасыздар?
2. Сіздердің түсініктеріңізше «Бақытты жанұя» қандай болуы керек?

3. Балаға, ата - анасына қандай ақыл кеңес айтар Келесі кезекті ата - ана мен бала арасындағы қарым - қатынасқа арналған ойынға береміз

Ойын «Жазалау» деп аталады

Ортаға 3 ата - ананы шақырамыз

1. Балаңыз мектепте сіздің көзіңізше мұғалімге дауыс көтеріп айқайласты
 2. Балаңыз көрші үйдің затын ұрлап алыпты, оны көршіңіз сізге келіп айтты
 3. Мектепте өзінен кіші баланы ұрып төбелес жасапты, оны мұғалімнен естідіңіз
- Ата - аналар енді сіздер балаларыңызды жазалауларыңыз керек

- Ата - анаға жадынама (Үлестірмелер таратып беру)

Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің

- Кішкентайынан көп жапа шеккен бала өскенде кінәмшіл болады

- Кішкентайынан мазаққа ілінген бала өскенде ұялшақ болады

- Кішкентайынан жекіруді көп естіген бала бар кінәні өз мойнына алуға бейім тұрады

- Кішкентайынан көптің бірі болып өскен бала кейін бауырмал сабырлы, ұстамды келеді

- Кішкентайынан жалғыз тәрбиеленген бала өзімшіл болады

- Кішкентайынан қатыгездікті көп көрген бала өскенде дау - дамайдың ортасында жүреді

Жағдаятқа ену

Ортаға оқушыларды шақырамыз

Оқушылар ата - аналарына барып өздерінің басынан өткен жағдайларын баяндап айтады

1 - оқушы Анашым, мен бүгін сабаққа бармай - ақ қояйыншы, үйге берілген тапсырманы жаттамал едім, апай сұраса «ауырып жатыр» деп айта салыңызшы

2 - оқушы Әке мен бүгін мектептің терезесін сындырып алдым

3 - оқушы Анашым, мен бүгін сіздің жақсы көретін құмыраныңды сындырып алдым

4 - оқушы Әке мен бүгін мектепте жарысқа қатысып, мақтау қағазын алдым

Ата - аналар осы жағдайларды сол сәтте қалай қабылдайтындықтыңарын(қуаныштарын, реніштерін іс - қимылын салып) көрсетеді

- Ортаға ақ және қара жәшік қойылады

Ата - аналардың қолына ата - анаға қатысты жақсы жаман қасиеттер жазылған үлестірме қағаздар таратылады

Ата - ана осы қасиеттерді іріктеп жақсы қасиеттерді «егер мен баламнан бақытымды көргім келсе» деп ақ жәшікке

Жаман қасиеттерді қара жәшікке салады

Құрметті ата - аналар! «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған туысқандарына беген сүйіспеншіліктен басталады»деп елбасы Н. Назарбаев айтпақшы, еліміздің болашағы бүгінгі балалардың дұрыс азамат болып қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге байланысты.

Сондықтан балаларыңыз елін, Отанын сүйген азамат болып өсіп сіздерді бақытқа кенелтсін десеңіздер бала тәрбиелеудегі кәсіпкерлерге жол бермеңіздер!

- Ата - аналардың пікірлері тыңдалады

Бүгінгі пікірталас сайысымыздан қандай әсер алдыңыз?

- Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,

Өнерімен қуантады түбінде.

Бала нені білсе жастан, ұядан -

Өле - өлгенше соны таныр қиядан

Өнер - білім берем десең басынан,

Бер оқуға балаларды жасынан.

Ата - анадан өсіп ұрпақ тараған

Жақсы - жаман болса бала солардан,- деп Жүсіп Баласағұн айтпақшы, ата - ананың бақыты баланың дұрыс адам болып өсуіне байланысты. Ал балалардың өздеріңізге бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата - аналар сіздерге байланысты.

Әрбір отбасына күннің шуағындай шаттық, жылылығындай мейірімділік, қуаныш, береке, бақыт тілей отырып «Бақыттыңды балаңнан ізде» атты пікірталасымызды аяқтаймыз.

**«Абай атындағы орта мектебі»КММ
«Айналайын»шағын орталығы**

**«Бала тәрбиесіндегі ата-ана»
психологиялық тренинг**

Психолог:Иманбекова Айгерим

Мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату.

Міндеттері: Ата-аналардың мектеппен, мұғаліммен тығыз байланысын арттыру, балаларын білімге, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Бала тәрбиелеу саласының аз да болса жоғарылауына ықпал ету.

Қажетті құрал-жабдықтар: Үлестірме қағаздар, А4 формат, қалам, доп, ватман, маркерлер және т.б.

Әдістері: пікір алмасу, сұрақ-жауап, тест, психологиялық жаттығулар.

ТРЕНИНГ БАҒДАРЛАМАСЫ:

1. «Танысу» жаттығуы;
2. Топқа бөлу;
3. Ой жинақтау;
4. Ситуациялық сұрақтар;
5. «Үй, жол, жылан, бокал, шалбар және орамал» диагностикасы;
6. «Ашық айтсам...» жаттығуы;
7. Рефлексия;
8. қорытынды.

ТРЕНИНГ БАРЫСЫ:

Психолог сөзі: Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Бігінгі біздің «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» атты тренинг-сабағымызға хош келдіңіздер! Ата-ананың тілегі – баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, оқу мен еңбектегі табыстары.

Баланы жастан бақпасаң,

Жамандықтан қақпасаң,

Қадірден жұрдай қасқа боп,

Кешкенің өмір босқа тек – дегендей, баланың ыстық суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса оны жалғастырушы, демеуші – ата-ана.

1. «Танысу» жаттығуы:

Ата-аналар шеңбер бойымен тұрып, әрқайсысы өзінің есіміне сын есім қосып және өз бойындағы 1 қасиет кезекпен айтып шығады.

Талқылау: Қандай әсер алдыңыздар? Не қиындық келтірді.

2. **Топқа бөлу:**

Ата-аналар сол тұрған күйлерінде түрлі-түсті гүлдерді тандайды. Түстер бойынша топ құрып, үстелдерге жайғасып отырады.

3. **Ой жинақтау:**

Үш топқа тақырып беріледі.

Ата-аналар сол бойынша өз ойларын ортаға салады.

I-топ. Баланың сапалы білім алуы үшін ата-ана тарапынан жасалатын жағдайлар.

II-топ. Балаларды теріс әрекеттері үшін жазалаудың түрлері.

III-топ. Бала үшін мұғалім мен ата-ана арасында қандай байланыс болу керек.

4. **Ситуациялық сұрақтар:**

Ата-аналар үстел үстіндегі үлестірме қағаздарды бөліп алып, сұрақтарға жауап береді.

1. Баланыңдың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?
2. Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер. 4-6 жастағы бала күніне көптеген сұрақ қоятын көрінеді. Мысалы, түн неге қараңғы, күн қайда кетті, ұшақ қалай ұшады... деген сияқты таусылмайтын сауалдар көп. Сіздің баланың да осындай сауалдарды көп қойса, жауап беруге тырысасыз ба, жоқ әлде, елеусіз қалдырасыз ба?
3. Сізге мектептегі мұғалімдерден «Сіздің баланың басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылады. Тағы көрші ата-аналардан да «біздің баланы ұрды» деген сөз естуге тура келеді дейік. Не істейсіз? Баланыңды қалай тәрбиелейсіз?
4. Кейбір ата-аналардың баласының әрбір іс-әрекетіне көңілі толмай: «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың», - деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?
5. Баланың сабақтан қашып, мектептен ерте келді, не істейсіз?
6. Баланың күнде бірінші сабаққа кешігіп келеді. Қалай жөнге келтіресіз?
7. Баланың мектептегі бір мұғаліммен тіл табыса алмай жүр. Баланыңға қандай кеңес айтасыз?
8. Сіздің баланың сыныптағы жақсы оқытын оқушылардың бірі, алайда бір күні сынып жетекшісі оны үлгерімі нашар оқушылармен алып қалды, сіздің іс-әрекетіңіз?
9. Баланың сабағы тәртібі жайлы білгіңіз келіп, мектепке келіп тұрсыз. Сынып жетекшісі сізді катулы қабақ, ашулы күймен қарсы алды. Сіздің әрекетіңіз?
10. Бныл сіздің баланың сыныбында оқытындардың бәрінде ұялы телефон бар, тек сіздің баланыңда жоқ. Күнде «әпер» деп, мазаңды алады, сабаққа барғысы келмейді. Сіз жұмыссыз, енді не істейсіз?
11. Сіздің тұңғышыңызды атасы мен әжесі бауырына басқан. Сабағы қиындап кеткен соң, өздерің қадағалаңдар деп әкеп тастады. Ал, баланың тәрбиенізге еш көнер емес, не істейсіз?
12. «Үй, жол, жылан, бокал, шалбар және орамал» диагностикасы

Ата-аналарға мынандай ережелерді қадағалап отырып сурет салатындығы ескертіледі:

- Бұл жұмыста Сіздер өз бейсаналарыңыздың хатшысы іспеттес боласыздар, сол себепті де еш ойланбай, қорықпай, берілген тапсырманы тездетіп орындауға тырысыңыздар.
- Сурет салу тапсырылғанда, «Қалай саламын? Суреттер қандай болу керек?» деп сұрауға болмайды: өз қалауларыңыз бен шешімдеріңіз бойынша салу керек.
- Суреттерді тез салу керек, өйткені оларды салуға уақыт өте аз беріледі.
- Суреттерді салғанда, басқалардың суреттеріне қарауға болмайды.

Осыдан кейін ата-аналарға үй, жол, жылан, шарап ішетін бокал, шалбар мен әйелдердің басына тағатын орамалды кезекпен салуға тапсыру керек: әр затты салуға мейлінше аз уақыт беріп (5-10 сек), ата-аналарды асықтырып, жұмыстарын жеделдетіп отырған жөн.

Ата-аналар салынып біткен суреттерін бір-біріне көрсеткеннен кейін, оқытушы олардың мынандай мағына білдіретіндігін айтады:

Үй – адамның өзін-өзі бағалау деңгейін көрсетеді.

Үйдің суреті кең әрі биік болса, онда бұл ата-ана өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары деп есептеуге тұрарлық.

Үйдің есік-терезелері бар болса онда бұл студент – қарым-қатынасқа ашық адам.

Үйдің есігі ашық болып немесе оның тұтқасы бар болатын юолса, бұл жәйт ата-ананың қонақжай екендігін білдіреді.

Жол – адамның қарым-қатынасқа қандай деңгейде араласатындығының айғағы.

Жол кең, әрі үйдің есігінен басталатын болса, бұл адамның қарым-қатынасқа бейім және қонақжай екендігін көрсетеді.

Жол тар немесе үйдің қасынан (үйге бұрылмай) өтіп жатса, онда бұл жәйт адамның қарым-қатынасқа оңай кірісіп кетпейтіндігін білдіреді.

Жылан – «Басқа адамдардың мен туралы пікірі қандай?» деген сұраққа өзіңіздің қалайша жауап беретінінің айғағы.

Жылан үй жаққа қарап тұрса әрі оның айрық тілі аузынынан көрініп тұрса, онда Сіз «Басқалардың мен туралы пікірі жақсы емес: олар күні бойы мені жамандаудан басқа іспен айналыспайды екен» деген ойдасыз.

Жылан үй жаққа қарап тұрмаса, онда, онда Сіз «Басқалардың мен туралы ойы жаман емес» деген ұстанымдасыз.

Бокал – адамның ішімдікке деген көзқарасын білдіреді.

Бокалдың суреті кішкене болып, оның іші бос болса, онда мұны салған адамның ішімдікке немқұрайды болғаны.

Шалбар мен орамал – ата-аналардың түсінігіндегі ер адамдар мен әйелдердің дәрежесін көрсетеді.

Шалбардың суреті орамалдан биік тұрса, онда ата-ана өмірде ер адамды әйелдерден жоғары санайды деген сөз.

6. «Ашық айтсам...» жаттығуы; қорытынды:

Ата-аналарға төмендегідей бланкілер таратылып, толтырылады.

Сабақтың жүргізілген күні _____

Менің тренингтік есімім _____

Менің тренинг барысында түйгенім _____

_____ Бәрінен де
маған мына жаттығу ұнады _____ Жүргізушіге
ұсыныс _____

Қолы _____

7. Рефлексия:

8. Қорытынды:

Ата-анаға көз қуаныш,

Алдына алған еркесі.

Көңіліне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой-өлкесі, — деп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт-арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оларға үлгі болар бейне екендігімізді ұмытпайық. Адам да өсімдік сияқты, күтілмесе жайнап өспейді дейді.

Сондықтан да мына жайттарды есімізде ұстайық.

1. Балаға жан және дене өзгерістерінің байланыстарын табуға көмектесу.

«Абай атындагы орта мектебі»КММ

«Айналайын» шагын орталыгы

«Балдай тэтті балалык шақ»

Тренинг

Педагог-психолог:Иманбекова А.Б

«Балдай тәтті балалық шақ»

тренинг

Тақырыбы: «Балдай тәтті балалық шақ»

Максаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде карауда қызығушылықтарын дамыту; баламен дұрыс тіл табысуға, баламен қысым түсірмей, зорлық – зомбылықсыз қарым – қатынас орнатуға бағыт беру.

Көрнекілігі:

Слайд шоу негізінде:

1. Ұлагатты сөздер жазылады: «Таяқтау оңай, тәрбиелеу қиын», «Балақан өсіру — Балапан ұшыру емес», «Бала нені білсе жастан, ұядан — өле өлгенше соны таныр қиядан», кестелер, т.б.
2. Балаға «Балдай тәтті балалық шақты» бере алатын отбасының қысқаша сипаттамасы айтылады.
3. Баланың дау – дамайлы отбасынан басталатын тәрбиесі болашақта неге әкелетіні туралы схема ұсынылады.
4. Дау – дамайлы отбасында бала тәрбиесіне қатысты қандай тиімді тәсілдерді қолдануға болатыны туралы кеңестер ұсынылады.
5. Баланың өзінің болашақ өмірін қалай көргісі келетіні туралы суреттер.

I. Баяндама «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» атты баяндама мазмұнымен таныстырып, әңгімелесу жүргізу.

II. «Ассоциация» жазу «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» дегенді қалай түсінесіз? (үш топқа бірдей)

Әр топтың бір мүшесі қорғайды.

III. Педагогикалық ойын

1) Кесте толтыру.

Мактау

Үрсу

(2 минут уақытта кестені толтыру, іштей шешімге келу. Кестенің қай жағындағы сөздер көп? Ойлау)

Жауаптар:

— Қай сөз көп болу керек?

— Неліктен?

— Ата-ана жауабы:

Мақтау баланың көңіл-күйін көтереді, өзіне деген сенімділік артады.

Егер ата-ана баланы үнемі ұрсып, айыптап, балағаттап жатса онда ол бұйығы, қатыгез, кекшіл болып өседі.

«Кім мәреге бірінші жетеді?»

Сіздің балаңыз сізді қатты қуантты (бір ісімен). Сіз не айтасыз? Қалай колдайсыз? (Әр топтың бір мүшесі тақтаға шығып, балаға мадақтау сөздерін айтып, мәреге бірінші жетуге тырысады). (Тамаша! Жарайсың құлыным! Сенсіз мен не істер едім? Өте жақсы! Мақтанашым менің! Қандай тамаша! т.б.).

IV. Ойын «Мен балама көп көңіл бөлемін»

Ойын барысы: шеңберге тұрып, сандары жазылған допты лақтыру барысында сұрақтарға жауап беру. Кім көп әрі жылдам жауап береді.

1. Балаңыз балабақшаға барды ма? (неше жастан)
2. Баланы кім тәрбиелейді?
3. Жанұяда күн режимі сақталама? (тұруы, жатуы, тамақтануы, демалуы)
4. Балаңыздың қиналатын жері бар ма? (киіну кезінде, тамақтануда, жуыну кезінде, ұйықтау кезінде).
5. Балаңыздың сүйіп тыңдайтын ертегісі, әңгімесі, телехабары, тамағы бар ма? (атап көрсетініз)
6. Балаңыз үй жұмысына көмектесе ме және күнделікті қандай міндеттемелері бар?
7. Жанұяда кімді тыңдайды? (бәрін, әкесін, шешесін, ешкімді)
8. Жанұяда баланы тәрбиелеуде қандай тәсілдерді қолданасыз? (мадақтау, шара қолдану, сөгу, түсндіру, талдау).
9. Жанұяда балаға үлкендерден бірдей талап қойыла ма? (рұқсат беру, тыйым салуға)
10. Балаңызға айтқан уәдені үнемі орындауға тырысасыз ба?

V. «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» болу үшін не жасау керек.

Максаты: ұсынылған ватман қағазға бағыт бойынша өз нұсқаларын жазу.

Баланың отбасында дұрыс, жақсы, өнегелі тәрбие алуы ата-анаға байланысты екенін талдадық, соның ішінде кейінгі өзге ортадағы бала тәрбиесінің негізі - мұғалім мен ата-ананың көмегі, қадағалауы, уақыт бөлуі мен өзара тығыз қарым – қатынастың болуымен негізделеді.

VI. Толғаныс

«Жанұя типтері»

Әмірлі (авторитарлық)

Демократиялық (егемендік)

Бетімен жіберушілік

Рақымшыл жанұя

Сіздің жанұя, жанұя типтерінің қайсысына жатады? (іштей ойланып, сіздің жанұяңыз сіз таңдаған типте болғаны сізді қанағаттандыра ма?... Өзгерткіңіз келмей ме? Қалай өзгертер едіңіз? Кімнің көмегі керек?) Ұсынысыңыз, қосар пікіріңіз болса, рефлексия парағына жазып қалдыруға болады.

Рефлексия парағы

Қай типті таңдадыңыз?

Өзгерткіңіз келе ме?

Кімнің көмегі қажет?

VIII. «Қолшатыр» ойыны.

Ойынның мақсаты: Ата-аналар өз балаларына деген қарым-қатынастарын өзгеркілері келетіні, нені өзгертіп, қандай өмір жолын ұсынатындары туралы жазу. Жазғаннан соң оқып, қолшатырдың үстіне жапсыру. Барлығы қолшатыр астына жиналады.

Яғни мұндағы тренинг мақсаты, ата-аналарға бір мақсаттағы балаларға жарқын болашақты ұсыну негізінде біріктіру, қарым – қатынастарын жақсарту, бір мақсатты көздетіп, дұрыс жолға қоя білу.

«Тек қана ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін.» В.А.Сухомлинский

Қорытынды:

Жоғарыдағы даналық сөзге сүйенсек, мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі үшін тек ата-анамен бірігіп жұмыс істеу керек екенін ескерткен. Сондықтан, баланың отбасындағы алатын алғашқы тәрбие үлгісі зорлық пен зомбылықсыз ортада орындалуы тиіс. «Ұяда нені көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, бала қандай ортада тәрбие көрсе, сондай ортаға үйренісіп, сіңісіп, өз дегенінде дәл ата – аналардың қателіктерін қайталайды, яғни келесі келер ұрпақ та зорлық – зомбылық ортада тәрбиеленеді.